

Aikyn. - 2019. -№ 118. - 3 тамыз

Ерсін Ерғазыұлымен С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Ветеринариялық медицина кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Ветеринария қызметін қайта ұйымдастыру керек

– Төрт түлікке қырғидай тиетін ауру түрі аз емес. Осыдан бірер жыл бұрын топалаңнан талай мал қырылды, малдан жұқтыру арқылы күйдіргіден көз жұмғандар да болды. Содан кейін мал ауруына қарсы іс-шаралар мықтап қолға алынды. Ал бүгінгі таңда мал ауруының қай түрінен қауіп бар, одан қалай сақтанамыз?

– Елімізде жыл сайын тіркелетін қауіпті індеттің бірі – топалаң. Топалаң қоздырушысы топырақта жүз жылдан астам уақыт сақталады. Қазақстанның барлық аймағында осы індеттің эндемия ошағы бар. Бұл аурудың республикамызда соңғы 85 жылдан бері ресми тіркелген 2 664 індет ошағы бар. Міне, осы індет ошақтары мал адам арасында індеттің тұтану қаупін тудырады. Мал арасында топалаңнан басқа да аурулар бар. Олардың ішінде біз үшін өзектісі – бруцеллез, туберкулез, пастереллез, құтырық, лептоспироз, листериоз. Қазақстанда жиі тіркелетіні – бруцеллез. Былтыр бруцеллездің 180 ошағы тіркелді. Жыл сайын елімізде осы ауруға 60 мыңға жуық ірі және ұсақ қара мал шалдығады. 1 000-1 500 адам бруцеллез қоздырғышын жұқтырады. Сонымен қатар шетелден әкелінген асылтұқымды жануарлардан біздің елде бұрын-соңды тіркелмеген немесе өте сирек байқалатын экзотикалық аурулар анықталып жатыр. Өңірлерде шмалленберг ауруы, нодулярлық дерматит, инфекциялық кератоконъюнктивит, жылқылардың инфекциялық эпидидимиті, індет лимфангиті сияқты аурулардың тіркелгені туралы ресми дерек бар.

– Қауіпті аурулармен қалай күресіп жатырмыз?

– Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті бұл бағытта айтарлықтай жұмыс жүргізіп жатыр. Мысалы, былтыр Қазақстанда мемлекет тарапынан жануарлар мен құстардың 28 жұқпалы ауру түрі бойынша 74 млн-ға жуық диагностикалық зерттеу және 142,4 млн екпе жүргізілді. Соның ішінде Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарында малдарды бруцеллез, топалаң, аусылға қарсы егу жұмыстары толық жүргізілді.

Аусыл – отандық ветеринария саласында өзекті мәселе саналатын ауру түрі. Ол тез тарайтындықтан, трансшекаралық ауруларға жатады. Бұл індет тіркелсе, халықаралық ұйымдар мемлекетке қатаң шектеу қояды. Салдарынан елдің экспорттық әлеуеті төмендеп, экономикалық шығын

келеді. Соңғы жылдары жүйелі жұмыстар нәтижесінде, еліміздің барлық аймағы аусылдан және шошқаның африкалық обасынан таза деп танылды. Мұның дәлелі – 2019 жылдың 26-31 мамырында өткен Халықаралық індет бюросының 87-ші Бас ассамблеясында Қазақстан өкілдігіне тиісті сертификаттар табысталды. Бұл – Қазақстандағы ветеринария саласының дамып жатқанын білдіреді. Десе де, бұл салада әлі де шешілмеген мәселелер бар.

– Жалпы, ауруды дер кезінде анықтау үшін қандай шараларды қолға алған дұрыс?

– Ауруды дер кезінде анықтау үшін малды уақытында зерттеу маңызды. Бүгінгі таңда барлық облыс, аудан мен республикалық маңызы бар қалаларда 200-ге жуық ветеринарлық зертхана бар. Олар уәкілетті және жергілікті атқарушы органдар бекіткен тізімдерге енгізілген жұқпалы ауруларды зерттеп, ветеринарлық-санитарлық сараптама жүргізеді. Бір өкініштісі, аудандық, аймақтық зертханалар бірен-саран аурулар бойынша мемлекеттік тапсырысты орындаумен ғана шектеледі. Басқа зерттеулерді жүргізуге техникалық мүмкіндігі жоқ, маман да жоқ. Тіпті облыстық зертханалардың өзінде ауруды жедел анықтауда қиындық туындап жатады. Жануарлардың ауруын дер кезінде анықтау үшін барлық деңгейдегі зертханада, әсіресе, аудандық зертханаларда кадр мәселесін шешу, жас мамандарға қызмет етуге жағдай жасау, зертхана қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қадағалау, зертхананы қажетті қондырғылармен жабдықтап, зерттеу аумағын арттыру, Үкімет пен жеке кәсіпкерлер аймақтарда жеке ветеринарлық зертханалар ұйымдастыруды қолдап, жағдай жасауы қажет. Жергілікті атқарушы органдар тарапынан, халық арасында адам мен жануарға ортақ аса қауіпті аурулар туралы ақпарат таратып, үгіт-насихатты қолға алса дейміз.

– Мал ауруының таралуына малға сырға салу, екпе егу сияқты жұмыстарға салғырт қарау да себеп болады деген пікір бар, келісесіз бе?

– Сырға салынбай қалғаннан немесе малға екпе егілмегеннен ауру ушығып кетті деуге болмайды. Әрине, бұл шаралардың дұрыс және сапалы атқарылуы біраз аурудың тарауына тосқауыл болады. Малды инфекциялық ауруларға қарсы егу шарасы – аурудың алдын алудың ең тиімді әдісі. Бірақ өндірісте барлық ауруға қарсы малды түгелдей еге бермейміз. Кейбір ауруларға қарсы вакцина мүлдем жоқ, кейбір аурулардың Қазақстанда сирек тіркелуіне байланысты, оларға қарсы екпе жасау тиімсіз.

Қазақстанда, жалпы жануарлар мен құстардың 60-қа жуық ауру түрі кездеседі. Былтыр мемлекет өз тарапынан 18 инфекциялық ауруға қарсы екпе жұмысын іске асырып, 142,4 млн екпе манипуляциясын жүргізуді жоспарлаған. Осы шараның толық әрі сапалы орындалуы өте маңызды. Егер белгілі бір аймақта осы шараның бірі дұрыс атқарылмаса немесе талапқа сай

болмаса, онда сол жерде індеттің пайда болу қаупі артады. Жұқпалы аурулардың алдын алуда малды тіркеудің де (сырға салу) маңызы зор. Тір-келмеген мал, ветеринар-мамандардың есебінде болмағандықтан, оған диагностикалық зерттеу мен екпе жүргізілмейді. Салдарынан ондай жануарлар өздері ауырып қоймай, табындағы малға да, мал иесіне де ауру жұқтырады. Есте сақтайтын жай, егер бір аса қауіпті ауру туындап, ауру (күдікті) мал жойылса, мал иесіне мемлекеттен үстемақы төленеді, ал тіркелмеген малға үстемақы төленбейді.

– Ветеринария саласындағы ең өзекті мәселе не деп ойлайсыз?

- Өкінішке қарай, өзекті мәселе өте көп. Ветеринария қызметінің құрылымын қайта ұйымдастыру керек. Бүгіндері мемлекеттік ветеринария қызметі бір-бірін толықтыратын екі құрылымнан тұрады. Біріншісі – республикалық деңгейдегі ветеринария қызметі. Мұнда басқарушы орган – Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті. Екіншісі – жергілікті деңгейдегі ветеринария қызметі. Ветеринария қызметінің бұлай екіге бөлінуі тиімді басқарылуына кедергі болып отыр. Қолданыстағы жүйе ветеринария қызметінің бақылауындағы өнімдердің (тірі жануарлар, тұқым, мал өнімдері, дәрілік заттар және т.б.) қадағалануына жеткілікті бақылау жасауды қамтамасыз етпейді. Мемлекеттік қызметтегі ветеринар мамандар жалақысының төмендігі мен әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі, жалпы ветеринария саласының кадрмен нашар қамтамасыз етіліп, мамандар біліктілігінің төмен болуына әкеліп отыр. Өңірлерде өнімді ауылшаруашылық жануарлары арасында инвазиялық аурулардың алдын алу және олармен күресу шаралары өте төмен деңгейде. Салдарынан адамдар эхинококкозбен, описторхозбен, басқа да инвазиялармен ауырып жатыр.

Мал шаруашылығы саласында антибиотиктерді қолдануды бақылау жүйесі жоқ. Бұл да осы саланың өзекті проблемасы. Сүт өндіру кәсіпорындарындағы антибиотиктерді бақылау ағзаға түсіп отырған антибиотиктердің барлық спектрін анықтауға мүмкіндік бермейді. Антибиотиктерді қолдануды бақылау жануар туғаннан бастап оны сойғанға дейін жүргізілуі қажет. Шетелден әкелінетін жануарлар ұрығы, эмбриондар мен биологиялық материалдардың импортын іштей бақылау мәселесі де өзекті. Себебі, әлемдік ірі компаниялар мен дистрибьютерлік орталықтар елімізге тек импорттаушы елдің ветеринариялық сертификаты негізінде сол жануарлардың ұрығын, эмбриондары мен биологиялық материалдарын жаппай импорттап жатыр. Ал біздің елде ол материалдарды бақылау, есепке алу механизмі және арнайы зертханалар жоқ. Салдарынан шаруашылықтарда генетикалық ақауы бар,

іштен жұқпалы ауруға шалдыққан, әлсіз, өнімділігі төмен төлдер көбейіп жатыр.

– Саладағы кадр тапшылығы туралы айтып қалдыңыз. Ветеринар болғысы келетін жастар көп пе?

– Ресми дерек бойынша, елімізде 7 000-ға жуық ветеринар жетіспейді. Әсіресе, ауылдық жерде және аудандық ветеринарлық зертханаларда маман тапшы. Себебі – еңбекақы төмен. Ауылдарда ветеринар мамандардың 70 пайыздан астамы – зейнет жасында. Ветеринария бағытында маман даярлайтын 6 негізгі жоғары оқу орны жыл сайын, шамамен 600-700 маман даярлайды. Бірақ оқу бітірген түлектердің барлығы бірдей ауылға барып жұмыс істемейді. Бұл кадр тапшылығын туындатып отыр. Бұл мәселені шешудің жолы – білікті, жас кадрларды даярлап, өндіріске бағыттау. Дипломы бар ветеринар маман мемлекеттік ветеринарлық қызметте, жеке ветеринарлық қызметте, ветеринарлық зертханалар мен ветеринарлық-санитарлық сараптау зертханаларында, шекарадағы ветеринарлық-санитарлық бақылау қызметінде жұмыс істей алады.

Әрине, ауыл-аймақтарға қызметке барып жатқан мамандарды қолдауға бағытталған «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасы бар. Соңғы жылдары ЖОО-лар «ауылдық квота» бойынша оқуға түсіп, диплом алған жас маманға, мамандығы бойынша, кем дегенде, 3 жыл ауылда қызмет етуді талап етіп жатыр. Десе де, кадр мәселесін түпкілікті шешу үшін Білім және ғылым, Ауыл шаруашылығы министрліктері, жергілікті атқарушы органдар мен бизнес тарапынан тиісті қадам керек. Ветеринария саласына бөлінетін мемлекеттік грант санын көбейту қажет. Бұл мәселе 2018 жылдан бері жылдан бері Парламент пен Сенатта қарастырылып келеді, бірақ әлі шешімін тапқан жоқ.

Өткен жылдың көктемінде, Елбасы Н.Назарбаевтың Бес әлеуметтік бастамасында техникалық және ауылшаруашылық мамандықтарындағы гранттардың құнын ұлттық университеттердегі гранттардың құнына, яғни 635 800 теңгеге дейін жеткізуге тапсырма беріліп, орындалған. Бірақ Білім және ғылым министрлігі бекіткен мамандықтар классификаторына сәйкес, ветеринария мамандығы ауылшаруашылық мамандықтар қатарына енгізілмей, жеке сала ретінде тіркелді. Сол себептен, бүгінгі күні техникалық және ауылшаруашылық мамандықтарындағы гранттың құны 635 800 теңге болса, ветеринария саласындағы бір маманды даярлауға шамамен 443 000 теңге бөлініп отыр. Ал білікті ветеринар маман даярлау тиісті заманауи құрал-жабдықтарды, күрделі емдеу қондырғыларын, оқу материалдарын, түрлі оқу және ғылыми-өндірістік зертханаларды, ауылшаруашылық жануарларды, машықтану шаруашылықтарын және т.б. қамтамасыз етуді

талап етеді. Салыстырмалы түрде қарасақ, Батыс елдерінің жоғары оқу орындарында ветеринариялық білім алудың жылдық құны 5 000-нан 20 000 евроға дейін екен. Кез келген ірі, орта немесе кіші мал шаруашылығы кәсіпорны, ауылшаруашылық жануарларын олардан өнім алу үшін ұстайды. Ал олардың алып отырған өнім көлемі, тікелей сол шаруашылықтағы мамандар біліктілігіне, дұрыс менеджментке байланысты. Кейбіреулер шетелден әр мал басына жүздеген мың теңге қаражат төлеп, асылтұқымды мал әкеліп, оларды талапқа сай жабдықталмаған қораға қамап, құнарлы азықпен қамтамасыз ете алмай жатыр. Мұндайда пайда таппақ түгілі, шығынға белшеден батасыз. Ветеринар-мамандардың болмауынан, бар маманның біліктілігінің жетіспеуінен малдың ауруға шалдығуы жиілеп, уақытында дауалау шараларын жүргізбеу, ауру малды дер кезінде оқшауламау, ветеринариялық шараларды дұрыс атқармау салдарынан шаруашылық шығынға ұшырайды. Осындай мәселе басқа мамандарға да қатысты. Мысалы, мал шаруашылығы технологтары, малдың бағып-күтілуін, азық рационын, өнімділігін қадағалауы тиіс. Агрономдар азық дайындауға жауапты болғаны жөн.

Көп кәсіпкер мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығына бөлініп жатқан ауқымды қаражатты, іске асырылып жатқан түрлі бағдарламаларды көре тұра, ешқандай дайындықсыз, білімсіз, білікті мамандарсыз, мал шаруашылығына бет бұрып жатыр. Салдарынан Үкіметтен алынған қомақты қаражатқа шетелден мал сатып әкеліп, оларды бағып-күте алмай, түрлі дертке шалдықтырып, үлкен экономикалық шығынға ұшырауда. Шаруашылықты құнды азық қорымен қамтамсыз ету – маңызды дүние. Елімізде ірі мал шаруашылығы кәсіпорындарынан басқалары көптеген факторға (техниканың жетіспеушілігі, мамандар тапшылығы, қажетті жер алқабының болмауы және т.б.) байланысты малды құнарлы азықпен қамтамасыз ете алмайды. Салдарынан тиісті өнімге жете алмай отыр. Егер олар шаруашылығына білікті мал дәрігерін алса, ісі ілгері басар еді. – Әңгімеңізге рақмет!